

# Ұлы ұлттың перзенті – Ұлы Ыбырай

Слбасы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында білімнің салтанат құруы атты бөлімінде: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет» деп көрсетті.

Үлкен Ресей мемлекетінің бір бөлігі - қазақ елі, тарихи зорлығы, мұқтажының шырқау шыңы баяғы батырлықтан, ақ найзаның күшімен, ендігі кезеңде ақыл, даналық, білім, парасат, кемеңгерліктің қажеттілігіне тіреді және тарихи жағдаяттарға көз салсақ, ғасырлар бойы қазақ қоғамының бастан кешкен қыуар азап, соғыс, бейнет, езгі, қаншылық, қорғансыздық, қорлану бәрінен ауыры – қанағатылық, қапас тұрмыс, сонар арқылы тарихи дамудан ұрапыл артта қалды, барлығы киналып, халықтың ең ақырғы тамысын қорғап, алышты тугыатын тегеуірге келіп, тарихи толғақты жеделдетті.

Осы көштен қалмай, ел - құртының қамы мен қасіретін арқалай, жарыққа сүйреп, ұрпаққа «Кел, балалар, оқылық» деп, мүлде жаңа ұран тастаған - Ы.Алтынсарин тұлғасын дүниеге әкелді.

Ы.Алтынсарин заман туындысы, сонымен қатар қазақ халқының санасының өзгеруінің қозғаушы күші.



Ы.Алтынсарин - тұңғыш халық мұғалімі, Қазақстандағы халық мектептерін бірінші ұйымдастырушы және қазақ халқынан шыққан тұңғыш педагог - теоретик. Ы.Алтынсариннің қызметі біз үшін қоғамдық ойды дамыту тұрғысынан оның халық ағарту ісі мен қазақ әдебиетінің тарихындағы орны біздің көңілімізді ерекше аударып тұрады.

Ы.Алтынсарин өз халқының игілігі үшін қажымай еңбек етіп, дарындылығын, мәдениетке қабілеттілігін дәлелдейді. Ол жастарды жарқын болашақ үшін қажымай күресуге, көршілер (орыстар) мәдениетін қабылдап, ұғынуға жол көрсетті. Ол болашаққа деген сенімді қолдады. Өзінің барлық сөздерінде еңбекші қазақ халқын, қарапайым халықтың бейшаралық халге

түскен балаларын ескеріп, сонымен бірге билеуші топтардың тұрмысы мен әдет - тұрыптарының жарамсыз жақтарын көрсетті. Ы.Алтынсариннің тарих, этнография, өлкетанудағы бағытында да үлкен маңызды жұмыс атқарғанын көруге болады.

Ы.Алтынсариннің шақыруымен орыстың еңбекші интеллигенциясының өкілдері, қазақ балаларына мұғалім болып ең шалғай ауылдарына барды. Мерзімді шығып тұратын баспасөздің беттерінде қазақ жұртшылығының мектеп пен білімге мұқтаждығы, алғашқы мектептердің жұмыс тәжірибелері жайында мақалалар жиі көріне бастады. Оның педагогикалық тәрбие қиялдары мен мектеп системасы ғылым мен жалпы білімді жоғары бағалауға, балаға сүйіспеншілікпен қарап,

оны қадірлеуге және өз халқының мүддесі үшін қызмет істей алатын жас адамдарды дайындауға негізделген.

Ы.Алтынсарин - Қазақстанда педагогика білімінің негізін құрады. Мектеп - қашан да маман және дайындығы мол мұғалімдер болғанда ғана мектеп бола алатынын айтты. Сол уақытта қазақ мектептерінде қанағаттанарлық түрде тіл мәселесін шешуде Ы.Алтынсариннің зор еңбегін санау керек. Ы.Алтынсарин қазақ балаларына орыс тілін оқыту құралын құрастырғанда қатаң тәртіпке келтірілген алғашқы лексикалық, фразеологиялық және грамматикалық материал беру арқылы балалар жұмысын барынша жеңілдетуге тырысты. Мұғалімнің ролі материалдарды есте сақтау, есту дұрыс сөйлеуге дағдылануда ерекше орын алды. Торғай облысында ғана қызмет атқарған Ы.Алтынсариннің мектеп системасы соңғы жылдарда (Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін) басқа облыстарда да Орал, Семей, Ақмола, Бөкей ордасында, ал XX ғасырдың бірінші он жылында - Сырдария, Жетісу облыстарында тарайды.

Қазақ мектептерін ұйымдастырудың алғашқы тәжірибесі орасан зор қиыншылықтар мен бөгеттерге кездесті. Істі неден, қалай бастау керек, мұғалімдерді қалай дайындау керек, мектептерді оқулықтар мен және оқу құралдарымен қалай қамтамасыз ету керек міне, осы

ның бәрі орасан және қиын мәселе еді, бұл мәселеде миссионерлер мен мұсылман діни адамдардың барлық жердегі кедергілерін жеңу керек болды.

Ұлы ағартушы халық училищелерінің инспекторы ретінде тек мұғалімдердің жұмысын бақылаумен ғана шектелмей ауылдар мен болыстарды аралай жүріп, жұртшылық алдында сөз сөйлеп, мектеп үйлерін салдыруға қаражат жинайтын мұғалімдердің досы және көмекшісі болған Ы.Алтынсариннің жарқын бейнесі мәңгілік есте қалып құрметтеледі. Жаңадан шақырылған мұғалімдер мен онда оқыған оқушылар өздерін «Ы.Алтынсарин мектебінің мұғалімдеріміз немесе түлектеріміз» деп өздерін мақтаныш сезіммен ұстайтын. Ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин - өмір бойы өз халқына аз да болса пайдасын тигізуге тырысып, сол үшін тоқтаусыз күрес жүргізді, қайткенде де тілдің, әдебиеттің, ғылым мен ағарту жұмысының өмірге қажетті мәселелерін шешудің «бастамасан жасауды» және білімге деген құштарлығын арттырды.

Бұл - өз заманымыздағы алдыңғы қатарлы таңдаулы адамдармен бір сапта тұруға лайықты нағыз еңбекші ғалымның жолы еді.

**К.ШОРМАНОВА,**  
АрқМПИ Ы.Алтынсарин атындағы музей директоры.

